

8D04107 «Инновациялық менеджмент» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін дайындалған Шохаманова Арайлым Муратовнаның «Қазақстан Республикасының туристік саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыру факторы ретінде жастардың инновациялық кәсіпкерлігін дамыту стратегиясы» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің жазбаша пікірі

№ р/н	Өлшем шарттар	Өлшем шарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (<u>АР26199455 «Өңірлер экономикасын әртараптандыру факторы ретінде кәсіпкерлік белсенділікті ынталандыру: әлеуметтік-мәдени алғышарттар, жаңа бағыттар және іске асыру әдістері»</u>);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (<u>«Қазақстан-2050» Стратегиясы, Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті 2030 жылға дейін дамыту тұжырымдамасы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының туристік саласын 2023–2029 жылдары дамыту тұжырымдамасы</u>).</p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым</p>	<p>Диссертация тақырыбы Қазақстанның дамуындағы стратегиялық басымдықтарға, соның ішінде «Қазақстан-2050» стратегиясы мен «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасына сәйкес келеді, 2030 жылға дейінгі шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту тұжырымдамасының міндеттерімен, сондай-ақ туризмнің экономикадағы рөлін арттыруға бағытталған 2023–2029 жылдарға арналған туристік саланы дамыту тұжырымдамасымен үйлеседі.</p> <p>Жұмыс автордың қатысуымен ҚР ҒЖБМ ҒК Экономика институты іске асырып жатқан АР26199455 «Өңірлер экономикасын әртараптандыру факторы ретінде кәсіпкерлік белсенділікті ынталандыру: әлеуметтік-мәдени алғышарттар, жаңа бағыттар және іске асыру әдістері» ғылыми жобасы аясында орындалған.</p> <p>Зерттеудің мемлекеттік басымдықтарға сәйкестігі оның өзектілігі мен Қазақстандағы кәсіпкерлік пен туристік саланы дамыту үшін практикалық маңыздылығын растайды.</p>

		дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	
2	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған/ашылмаған</u> .	Жұмыс жоғары ғылыми маңыздылыққа ие. Ол жастар кәсіпкерлігін зерттеудің теориялық тәсілдерін дамытып, кәсіпкерлік белсенділіктің қалыптасуындағы әлеуметтік-мәдени факторлардың рөлін нақтылай отырып, өңірлік экономиканы әртараптандыру туралы түсініктерді кеңейтеді.
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Жұмыс жоғары дербестік деңгейімен сипатталады. Автор жастар кәсіпкерлігінің даму жағдайына талдау жүргізіп, әлеуметтік сауалнама ұйымдастырған, сондай-ақ туристік саладағы жастардың инновациялық кәсіпкерлігін дамытуға арналған өзіндік стратегиясын әзірлеген. Негізгі қорытындылар авторлық зерттеудің нәтижесі болып табылады және диссертанттың елеулі жеке үлесін көрсетеді.
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертация ішкі үйлесімділігімен ерекшеленеді: тақырыптың өзектілігі, мақсаты мен міндеттері жұмыстың мазмұнымен өзара сәйкес келеді, бөлімдері логикалық тұрғыдан өзара байланысқан, ал авторлық шешімдер негізделіп, қолданыстағы ғылыми тәсілдермен салыстырылған. Диссертацияның құрылымы нақты: кіріспе, теориялық және талдамалық бөлімдер, практикалық ұсынымдарды әзірлеу, қорытындыдан тұрады. Бөлімдер логикалық тұрғыдан өзара байланысқан, тараулар мен параграфтар зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келеді, бұл жұмыстың тұтастығы мен ішкі бірлігін қамтамасыз етеді.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) <u>айқындайды</u> ; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертациялық зерттеудің мазмұны тұтастай алғанда мәлімделген тақырыпқа сәйкес келеді және оның негізгі аспектілерін бірізді түрде ашады. Жұмыстың құрылымы логикалық тұрғыдан құрылған: теориялық қағидалар,

		<p>әдістемелік тәсілдер және қолданбалы талдау нәтижелері өзара байланысқан және қойылған міндеттерді шешуге бағытталған. Ұсынылған бөлімдер зерттеліп отырған мәселенің негізгі элементтерін қамтиды, бұл ғылыми баяндаудың тұтастығы мен аяқталғандығын қамтамасыз етеді.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u>; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.</p>	<p>Диссертациялық зерттеудің қойылған мақсаты мәлімделген тақырыпқа сәйкес келеді және оның негізгі мазмұнын көрсетеді. Тұжырымдалған міндеттер жұмыстың мақсатынан логикалық тұрғыдан туындайды, зерттеудің негізгі бағыттарын қамтиды және оған бірізді түрде қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Нәтижесінде қарастырылып отырған мәселені кешенді түрде ашуға ықпал етеді.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u>; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.</p>	<p>Диссертациялық зерттеудің барлық бөлімдері мен негізгі қағидалары өзара байланысты және бірыңғай логикаға бағынады. Тараулар арасындағы байланыс бірізді, ал материалдың баяндалуы жұмысты тұтас қабылдауды және алынған нәтижелердің негізділігін қамтамасыз етеді.</p> <p>Диссертациялық зерттеу тұтас құрылымымен ерекшеленеді: теориялық қағидалар практикалық аспектілермен ұштасқан, бұл алынған нәтижелердің үйлесімділігі мен бірлігін қамтамасыз еткен. Жұмыстың негізіне кәсіпкерлік және туристік кәсіпкерлік тұжырымдамаларын, кәсіпкерлік мүмкіндіктер теориясын, сондай-ақ адами капитал теориясы мен институционалдық талдау қағидаларын қамтитын бірқатар заманауи ғылыми тәсілдер басшылыққа алынған. Оларды пайдалану туристік саладағы жастардың инновациялық кәсіпкерлігінің ерекшеліктері мен оның даму факторларын жан-жақты ашуға мүмкіндік берді.</p> <p>Таңдалған теориялық-әдіснамалық база негізделген және өзекті ғылыми</p>

			<p>тәсілдерге сәйкес келеді. Қазақстанның туристік бизнесі жүйесіндегі жастардың инновациялық кәсіпкерлігінің рөліне кешенді талдау жасау, оның саланың бәсекеге қабілеттілігіне ықпалын бағалау, сондай-ақ эмпирикалық зерттеу нәтижелері негізінде автор кәсіпкерлік экожүйені қалыптастыру бойынша практикалық ұсынымдар ұсынып, осы сегменттің бәсекеге қабілеттілігін арттыру стратегиясын әзірлеген.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>сыни талдау бар;</u> 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ. 	<p>Диссертациялық зерттеуде қарастырылып отырған мәселе бойынша қолданыстағы ғылыми тәсілдер мен практикалық шешімдерге сыни талдау ұсынылған. Осы негізде автор ұсынылатын қағидаттар мен әдістерді негіздеп, оларды бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырған, бұл олардың артықшылықтарын, шектеулерін және қолданылу аясын айқындауға мүмкіндік береді.</p>
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) <u>ішінара жаңа (25-75% жаңа);</u> 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). 	<p>Ғылыми нәтижелер мен ережелер теориялық және эмпирикалық зерттеу әдістерін кеңінен қолдана отырып ғылыми тұрғыдан негізделген және дәлелденген. Диссертацияда зерттеу шеңберінде қол жеткізілген 6 нәтиже ұсынылған. 1- ғылыми нәтижесін ішінара жаңа, ал 2-6 нәтижелер толығымен жаңа деп сипаттауға болады.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) <u>ішінара жаңа (25-75% жаңа);</u> 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). 	<p>Диссертацияның қорытындылары ішінара жаңа, өйткені оларды тұжырымдау барысында автор тек өз нәтижелеріне ғана емес, сонымен қатар басқа зерттеушілердің еңбектерінен алынған қағидаларға да сүйенеді. Әрбір қорытынды дәлелденген және расталған.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 	<p>Жұмыста теориялық тәсілдерді, эмпирикалық деректерді және заманауи практикаларды талдау арқылы негізделген толықтай жаңа техникалық, технологиялық, экономикалық және басқарушылық</p>

		<p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>шешімдер ұсынылған. Оларды енгізу туристік саладағы жастардың инновациялық кәсіпкерлігін тиімді дамытуға және сектордың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған, бұл жұмыстың ғылыми және практикалық жаңалығын растайды.</p> <p>Кәсіпкерліктің, атап айтқанда жастар сегментінің экономикаға, инновациялық белсенділікке және жұмыспен қамтуға ықпалын айқындау, сондай-ақ туристік саладағы жастар кәсіпкерлігінің даму қарқыны мен белсенділік деңгейі бойынша өңірлерге кластерлік талдау жүргізу автор тарапынан IBM SPSS 18.0 қолданбалы бағдарламасын пайдалану арқылы дербес орындалған.</p> <p>Алынған эмпирикалық деректер негізінде автор туристік сектордағы жастардың инновациялық кәсіпкерлігін дамытудың бәсекелік стратегиясын әзірледі, бұл оның бірегейлігін және ғылыми жаңалығының жоғары деңгейін растайды.</p>
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары жүргізілген зерттеуден логикалық тұрғыдан туындайды, теориялық және эмпирикалық тұрғыдан негізделген, соның ішінде жастар кәсіпкерлігінің жай-күйін талдау және әлеуметтік сауалнама нәтижелеріне сүйенген. Жұмыс нәтижелері жастар кәсіпкерлігін және өңірлік экономиканы дамытуда қолданылуы мүмкін.</p>
7	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p>	<p>Диссертациялық жұмыста келтірілген барлық ережелер дәлелденген.</p> <p>1-ереже. «Жастар инновациялық кәсіпкерлігі» ұғымына авторлық түсіндірме .</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>2) <u>жоқ</u>;</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p>

		<p>2) <u>жоқ</u>;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u>;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u></p> <p>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>1) <u>кең</u>;</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2-ереже. «Жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамыту стратегиясының мазмұнына авторлық көзқарас.</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>2) <u>жоқ</u>;</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) <u>кең</u>;</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>3-ереже. Туризм саласында жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамыту стратегиясының авторлық моделі.</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>2) <u>жоқ</u>;</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) <u>кең</u>;</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>4-ереже. Жастар туристік кәсіпкерлігінің елдің экономикалық өсу көрсеткіштеріне және саланың дамуына әлеуметтік- экономикалық әсерінің эмпирикалық дәлелі.</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>2) <u>жоқ</u>;</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) <u>кең</u>;</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>5-ереже. Қазақстан Республикасындағы туристік саладағы жастар инновациялық кәсіпкерлігіне арналған авторлық кәсіпкерлік экожүйе моделіне авторлық көзқарас.</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p>
--	--	---	---

			<p>1) <u>дәлелденді</u>; 7.2 Тривиалды ма? 2) <u>жок</u>; 7.3 Жаңа ма? 1) <u>ия</u>; 7.4 Қолдану деңгейі: 1) <u>кең</u>; 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>ия</u>; 6-ереже. 2027-2036 жылдарға арналған туристік саладағы жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамыту стратегиясы. 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u>; 7.2 Тривиалды ма? 2) <u>жок</u>; 7.3 Жаңа ма? 1) <u>ия</u>; 7.4 Қолдану деңгейі: 1) <u>кең</u>; 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>ия</u>; Диссертациялық жұмыстың мазмұны 9 басылымда, оның ішінде Scopus деректер базасына енген журналда -1 мақала; Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда-3 мақала; Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда- 5 мақала жарық көрген.</p>
8	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) <u>ия</u>; 2) <u>жок</u>.</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау</p>	<p>Диссертациялық зерттеу шеңберінде таңдалған әдіснама сонымен қатар, ғылыми таным әдістері толық негізделген және сипатталған.</p> <p>Жұмыстың әдіснамасы негізделген және зерттеу мақсаттарына сәйкес келеді. Теориялық талдауды, эмпирикалық зерттеуді және әлеуметтік сауалнаманы қамтитын кешенді тәсіл қолданылған. IBM SPSS 18.0 компьютерлік бағдарламасын пайдалану деректерді өңдеудің дәлдігін, көрнекілігін және сенімділігін қамтамасыз етті.</p>

		әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ.	Диссертацияның теориялық қорытындылары, ұсынылған модельдері, анықталған өзара байланыстары мен заңдылықтары жүргізілген эмпирикалық зерттеу нәтижелерімен расталған. Алынған деректер заманауи статистикалық өңдеу әдістерін пайдалану арқылы жүйеленіп, талданған, бұл қорытындылардың сенімділігін және олардың практикалық тұрғыдан қолданылуын қамтамасыз етеді.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған	Диссертациялық зерттеудің негізгі қағидалары мен қорытындылары отандық және шетелдік дереккөздерді қоса алғанда, заманауи, сенімді әрі беделді ғылыми әдебиеттерге жасалған сілтемелермен расталған. Бұл негізгі тұжырымдарды негіздеуге ғана емес, сонымен қатар олардың кәсіпкерлік, инновациялық қызмет және туристік саланы дамыту салаларындағы өзекті үрдістер мен жетістіктерге сәйкестігін көрсетуге мүмкіндік берді. Авторлық тәсіл жұмыстың теориялық және практикалық құндылығын арттырды.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті/жеткіліксіз</u>	Пайдаланылған дереккөздер тізімі 267 атауды құрайды. Дәйексөз келтірудің заманауи стандарттары мен дереккөздерге сілтемелер қолданылған, бұл ұсынылған ақпараттың ашықтығы мен сенімділігін арттырады.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) <u>бар</u> ; 2) жоқ.	Диссертация теориялық жаңашылдықты практикалық бағыттылықпен ұштастырады. Ол жастар кәсіпкерлігі туралы ғылыми түсініктерді кеңейтіп, практикаға енгізуге жарамды туристік саладағы инновациялық кәсіпкерлікті дамытуға арналған нақты ұсынымдар мен стратегияны ұсынады.

		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u>.</p>	<p>Диссертацияның практикалық маңызы бар. Диссертацияда ұсынылған ұсыныстар мемлекеттік және өңірлік басқару органдары, білім беру мекемелері, сондай-ақ кәсіпкерлік ұйымдар тарапынан енгізілуі мүмкін.</p> <p>Жастардың инновациялық кәсіпкерлігін қолдауға арналған әзірленген шаралар тиімді ынталандыру жүйесін қалыптастыру және жастардың экономикалық белсенділігін арттыру үшін пайдаланылуы мүмкін.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) <u>ішінара жаңа (25-75% жаңа)</u>;</p> <p>3) <u>жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем)</u>.</p>	<p>Практикаға арналған ұсыныстар жаңа әрі бірегей сипатқа ие. Әзірленген стратегия жастардың уәждемесі мен әлеуметтік-мәдени факторларын, сондай-ақ өңірлік ерекшеліктерді ескереді. Ұсынылған шешімдер қазіргі заманғы жағдайларға бейімделген және оларды басқару органдары мен кәсіпкерлік ұйымдар іс жүзінде қолдана алады.</p>
10	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) <u>жоғары</u>;</p> <p>2) <u>орташа</u>;</p> <p>3) <u>орташадан төмен</u>;</p> <p>4) <u>төмен</u>.</p>	<p>Диссертация мәтіні мен рәсімделуі жоғары сапасымен ерекшеленеді, бұл оны қорғауға және жариялауға дайын ғылыми құжат ретінде қабылдауға мүмкіндік береді.</p> <p>Мәтін баяндауының логикалылығымен, бірізділігімен және анықтығымен сипатталады.</p> <p>Ғылыми жұмысқа сай академиялық жазу стилі қолданылған, терминологиясы дұрыс, тұжырымдары нақты берілген.</p> <p>Сөйлемдер күрделі теориялық және практикалық қағидаларды жеңіл қабылдауды қамтамасыз ететіндей етіп құрылымдалған.</p>
11	Диссертацияға ескертулер		<p><i>Диссертациялық жұмыстың жоғары ғылыми құндылығымен қатар, кейбір ескертулерді де атап өтуге болады:</i></p> <p><i>1. теориялық шолуға арналған бөлімдерде қолданыстағы зерттеулерге талдауды кеңейтіп, автордың өзіндік үлесін негұрлым айқын көрсету орынды болар еді.</i></p> <p><i>Көрсетілген ескерту қағидатты сипатқа ие емес және зерттеудің</i></p>

			жалпы ғылыми құндылығын төмендетпейді.
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		
13	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Қорытындылай келе, А.М.Шохаманованың «Жастар инновациялық кәсіпкерлігін дамыту стратегиясы Қазақстан Республикасының туристік саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыру факторы ретінде» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы докторлық диссертацияларға қойылатын Ғылыми дәрежелерді беру қағидаларының талаптарына сәйкес келеді, ал оның авторы 8D04107 – Инновациялық менеджмент білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық.

Ресми рецензент,
экономика ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор,
Л.Н.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университетінің
«Туризм» кафедрасының профессор м.а.



Р. Шохан

